

ҚЫТАЙДЫҢ ЖЕРОРТА ТЕҢІЗІНДЕГІ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚТАРЫНА КОННЕКТ ТАЛДАУ

Базарбай Акежан Кайратулы

akezhan_8@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Халықаларық қатынастар факультетінің 3 курс студенті,

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі- Джумадилова Г.М.

Кіріспе:

Бұл анализде біз Қытайдың Жерорта теңізіндегі қызығушылықтарын және осы аймаққа қызығушылық танытып жатқан мемлекеттермен Қытайдың қарым қатынасын қарастырамыз. Қытайдың бұл аймаққа қызығушылығы б.з.д II ғасырда қалыптасқан және осы күні да «жаңарған» түрде туындап отыр.

Тарихи дискус:

Қытай осы аймаққа б.з.д II ғасырда көз тіккен және Қытайдың бұл аймаққа қызығушылығы Ұлы Жібек жолының құрылуына себеп болған. Ұлы Жібек жолы - б.з.д II ғасырдан- XV ғасырға дейін болған Қытайды Азия мен Еуропа елдерімен байланыстырған жолдар торабы. Батысқа қарай кететін жол Жерорта теңізіне барып тіреледі. Одан ары қарай қазіргі Сири, Израиль мемлекеттері арқылы Қытайды Италия, Грекия сияқты Еуропа елдерімен қосқан. Ұлы жібек жолының тармақтары өткен жерлерде қала мәдениеті, сауда, бәсекелестік дамыған болатын. Бір белдеу ретінде қаланған бұл жол өткен жерлер аумағында мемлекеттер шоғырлануға тырысты және де сол заманда Ұлы жібек жолын қадағалаған мемлекет аймақтағы үстемдігін көрсететін болған. Мысалы: Түрік қағанаты, Шыңғысхан империясы, Әмір Темір хандығы. Ұлы жібек жолы XV ғасырда өз маңыздылығын жоғалтқан болатын. Оған себеп - Еуропа елдерінің теңіз саудасына көшуі. 2013 жылы ҚХР президенті Си Цзиньпин «Бір жол- бір белдеу» бағдарламасын қабылдаған кезде, Қытайдың Жерорта теңізіне қызығушылықтары қайта жанданды жән де қазіргі таңда Жерорта теңізі- Қытай үшін маңызды стратегиялық аумақ. Себебі ЕО- пен сауда Жерорта теңізі арқылы өтпекші. Бірақ Жерорта теңізіне Қытайдан бөлек басқа мемлекеттер да көз тігіп отыр. Мысалы: АҚШ, Ресей, ЕО елдері және т.б. мемлекеттер. Қытай «Бір жол- бір белдеу» бағдарламасы аясында Сирия, Израиль, Египет, Түркия, Алжир, Грекия мемлекеттерінде порттарды сатып алуы, мемлекеттерге инвестиция құюы, оның үстіне жоғары қарқынмен дамып келе жатқан Қытай экономикасының Еуропа елдерімен саудаға түсуі АҚШ үшін өте тиімсіз. Таяу Шығыс - тұрақсыз аймақ болғандықтан, Қытайдың қорғаныс саласында өзінің серіктестерімен бірігуін байқаймыз. Мысалы: Қытай мен Ресей теңіз күштерінің Жерорта теңізіндегі біріккен жаттығулары, теңіз күштерін модернизациялауды айтамыз.

Жоғарыда аталған мәселелерді Қытай Жерорта теңізіндегі саясатын мынандай топтарға бөліп қарастыруға болады:

- Тарихи - (Қытайдың көне заманнан бұл аймаққа қызығушылығы)
- Аумақтық - (Қытай мен АҚШ- тың Таяу Шығыстағы ықпалына таласы)
- Экономикалық - (Ұлы жібек жолы, XXI ғасырдың Теңіз жібек жолы бағдарламасы)
- Саяси - (Таяу Шығыс пен Африка елдеріне ықпалын тарату)

Жерорта теңізінде Қытайды қызықтыратын факторлар маңыздылығы:

1. Геостратегиялық маңыздылығы. Жерорта теңізі ежелден бері Африка, Еуропа және Таяу Шығысты тоғыстырған халықаралық қатынастардың орталығы болған.
2. Нарықтық. Жерорта теңізі арқылы Еуропалық Одақ нарығына өз тауарларын тасымалдау.
3. Логистикалық. Құрлық арқылы тауарларды тасымалдау - Қытайға үшін жылдам және шығыны жағынан да аз болып табылады.

4. Мұнай факторы. Таяу Шығыс елдеріне қолдау көрсету арқылы мұнай құбырларын өткізу.
5. Стратегиялық фактор. Қытайдың «Бір жол- бір белдеу» жобасы аясындағы араб елдеріне, Африка мемлекеттеріне құятын инвестициялық жоспарлар.
6. Қауіпсіздік факторы. Ресеймен бірлескен терроризмге қарсы әрекеттер Таяу Шығыс аймағындағы және әлемдік қауіпсіздікті қалыптастыру маңыздылығы.
7. Инвесторлық фактор. Таяу шығыс елдеріне инвестиция құю арқылы өзіне стратегиялық серіктестерді көбейту.

Аймаққа қызығушылық танытып жатқан мемлекеттер

АҚШ

АҚШ бұл аймаққа ХХ ғасырдан бастап көз тігуде және бұл аймақтағы қақтығыстарға ардайым қатысуда. АҚШ – тың бұл аймақта мынандай мүдделері бар:

- Сирия мәселесі:
 - Башар Асадты биліктен кетіру;
 - Сирияда демократияны орнату;
 - Күрдер проблемасын шешу.
- Израильді өз назарында ұстау. Израильдің жерорта теңізіне шығатын порттарын Қытайға сатуы АҚШ – ты қатты алаңдатады.
- Қытайдың жоспарларына кедергі жасау.
 - Қытайға санкция салу арқылы;
 - Мүмкіндігінше «Бір жол – бір белдеу» жобасына енетін мемлекеттерге кедергі келтіру.
- Ирандағы тұрақсыздықты жалғастыру. Санкция салу арқылы.
- Түркияның ұстанып жатқан саясатын өзгерту:
 - Түркияның Ресейден қарулануын тоқтату;
 - Санкциялар салу.

Ресей

Ресей бұл аймақта қатысты ұстанып жатқан курсы өзгертпей, бірқалыпта ұстауда. Ол:

- Жерорта теңізі аймағында қауіпсіздік орнату.
 - Қытаймен бірлескен әскери жаттуғылар жүргізу арқылы;
 - Түркияға зениттік – зымырандық С – 400 ұсыну арқылы.
- Сирия мәселесі:
 - Башар Асадты билікте сақтап қалу;
 - Аймақтағы терроризмнің басқа аймақтарға дамуына жол бермеу арқылы.

ЕО елдері

Еуропалық Одақ мемлекеттері бірлескен Жерорта теңіздік саясатты ұстанады. Олар:

- Экономикалық. Қытайдың Ұлы жібек жолы, ХХІ ғасырдың Теңіз жібек жолы бағдарламаларын қолдау және олардың іске асуына мүмкіндік жасау.
- Аймақтың қауіпсіздігін сақтау. Терроризмге қарсы күрес. Терактардың алдын алу мәселелері.

Түркия

Түркия бұл аймақта АҚШ – қа қарсы саясат ұстиануда. Себебі:

- Сирия мәселесінде АҚШ – тың күрдерді қолдауы ішкі тұрақсыздыққа әкелеуі мүмкін.
- АҚШ – тың Түркияға қарсы санкциялары.
- АҚШ – тың Израиль астанасы ретінде Иерусалимді қаласын тануы.
- АҚШ – тың Иранға қарсы санкцияларына қарсы болуы. Себебі: Түркия Ираннан газ тасымалдайды.

Осымен осы аймақта өз мүдделері бар ірі ойыншалырдың ұстанып жатқан саясатын анықтадық. Енді ҚХР - дың Жерорта теңізіндегі ұстанып жатқан саясатына баға беру үшін SWOT талдауын жасау арқылы анықтауға болады.

S (strength):

1. «Бір жол – бір белдеу» жобасы;
2. «Ұлы жібек жолы», «XXI ғасырдың Теңіз жібек жолы» бағдарламалары;
3. ЕО мемлекеттеріне жол;
4. Таяу Шығысқа актор ретінде қатысуы;
5. Израильдегі Хайфа мен Ашдад порттарын сатып алуы;
6. Қытай мен Иран арасындағы қарым – қатынастың жақсаруы;
7. Грекия, Түркия, Алжир, Египеттегі Жерорта теңізіне шығатын порттарды сатып алуы;
8. Сирия үкіметіне \$2 млрд. салуы;
9. Біріккен қауіпсіздік жаттығулары.

O (opportunity):

1. Экономикалық өсім;
2. Жаңа мұнай серіктестерінің пайда болуы және мұнай тасымалдаудың жақсаруы;
3. Жаңа нарықтарды жаулау;
4. Тауар тасымалының жеделдетуі;
5. Жобаға қатысушы мемлекеттер транзиттік пайда алу мүмкіндігі;
6. АҚШ кемелерін Жерорта теңізінен ығыстырып шығарып бақылау орнату мүмкіндігі;
7. Сириямен стратегиялық серіктестік орнату;
8. Суэц каналын қадағалау мүмкіндігі;
9. Оңтүстік Америка мемлекеттеріне тауар тасымалдау;
10. Джибутидағы әскери базасына көмектің ұлғаюы.

W (weaknesses):

1. АҚШ пен Израиль арасындағы қарым – қатынастың нашарлануы;
2. АҚШ – тың бұл аймаққа ықпалын одан әрі ұлғайтуы;
3. Таяу Шығыстағы тұрақсыздық:
 - АҚШ пен Түркия;
 - АҚШ пен Иран;
 - Сирия мәселесі;
 - Израиль мен Палестина проблемасы.
4. Жобаның басталу – аяқталу мерзімінің белгісіз болуы;
5. АҚШ – тың салған санкциялары;
6. Күрдтер проблемасы.

T (threats):

1. Израильге бұл саясат тұрақсыздық әкелуі мүмкін;
2. Түркияның экономикалық рецессиясы;
3. Иран экономикасының құлдырауы;
4. Террорлық қауіптер;
5. Таяу Шығыс - қауіпті аймақ.

Талдау.

Жақсы тұстары: 19

Әлсіз тұстары: 11

Жасалған қорытынды бойынша, ҚХР – ның Жерорта теңізіндегі ұстанып жатқан саясаты мемлекетке зардаптан көрі пайдасын тигізеді.

Жақсы тұстары.

1. «Бір жол – бір белдеу» жоспары арқылы Қытай өзінің бүгінгі таңдағы көптеген проблемаларын шешеді. ҚХР экспортқа тәуелді мемлекет болғандықтан оған әрдайым жаңа нарық пен сұраныс қажет. Бүгінгі таңда әлемнің 80 – нен астам мемлекет осы жобаны қолдады. Бұл Қытай үшін де жобаға қатысушы мемлекет үшін де өте қолайлы. Өйткені, ҚХР экономикалық өсімге ие болатын болса, қатсушылар транзиттік жолдардан пайдадан бөлек, отандық өнімдердің бәсекелестікке ие болады.

2. «Ұлы жібек жолы», «XXI ғасырдың Теңіз жібек жолы» бағдарламалары арқылы ҚХР өз тауарларын тез, үлкен көлемде және тасымал жиелігіне ие болады. Өйткені: Жерорта теңізі арқылы Еуропаға тезірек тауар тасымалдауға болады және құрлық жолы теңіз жолына қарағанда қауіпсіз болып табылады. Еуропадан бөлек Жерорта теңізі арқылы Оңтүстік Америка елдеріне кедергісіз өте алады.
3. Аумақта тұрқсыздық аяқталғаннан кейін, Қытай өзіне Таяу Шығыста жаңа сауда серіктестерге ие болуы мүмкін.
4. Таяу Шығыс елдеріне инвестиция құю арқылы тұрақсыздықтан кейін қирап қалған Сирия үкіметін аяққа тұрғызу жоспары. Инвестиция арқылы Жерорта теңізіне шығатын порт қытайлық порттардың санын ұлғайту. Египет, Алжир, Грекия, Түркия мемлекеттеріне де порттара салу жоспарлануда.
5. Ресей мен Қытайдың Жерорта теңізіндегі біріккен жаттығулары болашақта осы аймақтағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету мүмкіндігі болып табылады. Израильді портында тұрған АҚШ кемелерін Жерорта теңізінен ығыстырып жіберу мүмкіндігіне алып келеді. Ол өз кезегінде АҚШ – ты Таяу Шығыстағы бір тіректен айыру болып табылады. Суэц каналы, Джибутидағы Қытайдың әскери базасына бақылау және көмек күшейтіледі.

Әлсіз тұстары.

1. АҚШ – тың Израиль мемлекетімен қарым – қатынасының нашарлануы Қытай үшін өте тиімсіз болып табылады. Өйткені, ол Таяу Шығыстың тағы бір тұрақсыз жағдайына айналуы мүмкін. Қазіргі таңда, Таяу Шығыс әлемде ең тұрақсыз аймағы болып табылады. Бұл жерде көптеген қақтығыстар орын алуда. Сондықтан, Қытайдың өз жобаларының нақты мерзімдерін бере алмай жатыр. Өзінің салған инвестициясы ақталу үшін Қытай әрқашан бұл аймақтың тұрақтануы үшін болады.
2. Таяу Шығыс – көптеген діндер мен ағымдардың тоғысқан орталығы болып табылады. Бұл аймақтағы қақтығыстар көбінесе осы ұлттық және діни келіспеушіліктерден туындаған болатын және болашақта қақтығыстардың орнау мүмкіндігі әрқашан жоғары болып келеді.
3. Күрдер проблемасы – Таяу Шығыстың негізгі проблемалардың бірі. Олар өздеріне тәуелсіздік мемлекет құру үшін аянбай соғысатындарын уақытпен дәлелденген фактор. Ал, олардың тәуелсіздігіне қарсы мемлекеттер де бар. Ол: Түркия мен Иран. Бұл мәселе жақын арада шешілмейтін мәселе болғандықтан Қытай үкіметі да күтуге мәжбүр.
4. Таяу Шығыста бүгінгі таңда 70 тен астам террористік ұйымдар бар. Олар осы аймақтағы тұрақсыздықтың негізгі тірегі болып табылады. Сондықтан, Қытай ең бірінші террористтарды жойып барып, аймақты тұрақтандыруға қадам жасау керек. Оның барлығы көптеген уақыт пен қаражатты қажет етеді.
5. АҚШ – Қытайдың саясатының тежеуінің басты проблемалардың бірі. Себебі:
 - Иран, Түркия мемлекеттеріне экономикалық санкция салу арқылы бұл мемлекеттердің экономикаларының тұрақсздануына әкелуде
 - Қытайдың өзіне салған санкциялар салдарынан екі ел бүгінгі таңда «Сауда соғысы» жағдайында болып отыр.
 - Сириядағы террористтерге қаруландыру арқылы аймақтың тұрақтануына кедергі болып отыр.

Қорытынды:

Шыққан қорытынды бойынша, Қытайдың осы аймақтағы саясаты мемлекет үшін көптеген мүмкіндіктер алып келеді. Алайда, осы аймақтағы қауіптер өте жоғары деңгейде және белгісіздік жағдайы Қытай мемлекетінің бүгінгі таңда жолдарды салу жұмыстарын бастамай жатқандығын түсіндіреді. Қытайдың Жерорта теңізіндегі саясаты Таяу Шығыс

проблемаларының шешілу бағытына тікелей байланысты. Сондықтан, Таяу Шығыстың тағдыры шешілмей Қытай Жерорта теңізіне жете алмайды.